

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы  
Қоғамдық кеңес отырысының  
№12 хаттамасы**

**2019 жылдың 28 тамызы**

**Алматы қ.**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы  
Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК)

- 1) Сейпульник Евгений Вальеревич, Кеңес төрағасы;
- 2) Алевтина Донских, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Азамат Джолдасбеков;
- 4) Пётр Своик;
- 5) Жумагуль Тажибекова;
- 6) Ерлан Бурабаев;
- 7) Татьяна Батищева;
- 8) Ирина Ледовских;
- 9) Александра Алёхова;
- 10) Алексей Байтеев;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – БЖЗҚ)  
өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Құрманов Жанат Бостанұлы, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы;
- 2) Егеубаева Сәуле Асқарқызы, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Утегулов Маулен Амангельдиевич, «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры;
- 4) Сарсенова Наталья Васильевна, «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры;
- 5) Ашимов Нурлан Газизович, «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры;
- 6) Фазылова Камиля Нурлановна, «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары;
- 7) Ибрагимов Данияр Назипович, Заң департаменті директорының орынбасары
- 8) Забих Қадыржан Жасұланұлы, Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі (дауыс беру құқығынсыз):

Пасюгин Александр Владимирович, ҚРҰБ МОД ЗА инвестициялық талдау және тәуекел менеджменті басқармасының бастығы.

Отырысқа Кеңестің 10 мүшесі қатысты. Кворум бар.

Отырысты Кеңестің төрағасы Е.В. Сейпульник ашты және отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

**КҮН ТӘРТІБІ**

- 1) 2019 жылдың 1-жартыжылдығындағы «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы есеп (баяндамашы – Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары К.Н. Фазылова)
- 2) ҚР-дағы шартты жинақтаушы компонент: жұмыс істеудің негізгі қағидаттары (баяндамашы – Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары К.Н. Фазылова)
- 3) «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық эмитенттердің активтерімен жұмысы (баяндамашы-Басқарушы директор Сарсенова Н.В.)
- 4) Әртүрлі.

**ҚАРАЛДЫ:**

**Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша** Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары К.Н. Фазылова сөйледі. 2019 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша Қор қызметінің негізгі көрсеткіштері ұсынылды. Баяндамашы 2019 жылдың 1 шілдесіне зейнетақы жинақтары 614 млн теңгеге өсіп, жыл басынан бері 7% - ға ұлғайып, 9,9 трлн

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылдың 28 тамызындағы №12 хаттамасы*

теңгені құрағанын атап өтті. Өсім 465 млрд теңге көлеміндегі зейнетақы жарналары мен 257 483 млрд теңге көлеміндегі таза инвестициялық кіріс есебінен болды. Шығыс ағымдар (сақтандыру ұйымдарына төлемдер мен аударымдар) 108 млрд теңгені құрағаны атап өтілді. Шоттар саны бойынша жыл басынан бергі өсім 105 мың ЖЗШ-ны құрады. Шамамен 180 мыңдай жаңа шот ашылды және 75,2 мың ЖЗШ жабылды (түрлі себептермен). Баяндамашы БЖЗҚ бойынша жарналардың, орташа жинақтар мен төлемдердің құрылымы, қызмет көрсету сапасы, жүргізілген ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және 2019 жылдың 2 жартыжылдығында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту жоспарлары туралы айтты. Баяндамашы 2019 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша Қордың кірістері мен шығыстарына жеке тоқталды. Есепті кезеңдегі жалпы табыс 34 115 млрд теңгені құрады, оның ішінде комиссиялық сыйақы түрінде 27 727 млрд теңге алынды. Өзге кірістер (меншікті активтер портфелін басқарудан және операциялық жалдаудан түскен түсімдер) 6 387 млрд теңге болды, бұл ретте шығыстар 9 835 млрд теңгені құрады. ҚР Ұлттық Банкінің 2012 жылғы (яғни, жеке зейнетақы қорлары біріктірілгенге дейін) статистикасына сәйкес қорлардың комиссия түріндегі бір жылдық табысы 40,5 млрд теңгені, ал шығындары шамамен 30 млрд теңгені құрады. Зейнетақы қорларындағы мамандардың іссапарларына арналған шығыстар 13 млрд теңге болған. Қаржы есебін талқылау кезінде Кеңес мүшесі Петр Своик 2012 жылғы зейнетақы қорларының табысы мен шығысы доллардың қандай бағамы бойынша есептелгеніне қатысты сұрақ қойды. Баяндамашы табыс пен шығыс ҚР Ұлттық Банкінің есептілігінде 2012 жылғы доллар бағамы бойынша, яғни теңгемен абсолюттік мәнде көрсетілгенін түсіндірді. Талқылауды жалғастыру барысында Кеңес мүшесі Азамат Жолдасбеков БЖЗҚ-ны бюджеттеудің сметалық жүйесіне көшіру туралы ұсыныс жасады. Қор басшылығы қазіргі уақытта нарыққа ЗАБК енгізу бойынша жобаны іске асыру шеңберінде ҚРҰБ-пен БЖЗҚ комиссиялық сыйақысын алу жүйесін қайта қарау туралы мәселе талқыланатыны туралы түсініктеме берді. Бұдан әрі Кеңес мүшесі Ирина Ледовских табыстардан түскен артық ақша ҚР Ұлттық Банкіне өте ме, әлде БЖЗҚ-да қала ма деген сұрақ қойды. Баяндамашы ақшаның БЖЗҚ-ның меншікті капиталында қалатынын және оларды ҚР Ұлттық Банкі сақтау мақсатында инвестициялайтынын атап өтті. Талқылауды жалғастыру барысында Кеңес мүшесі Ерлан Бурабаев БЖЗҚ-ға салынатын жарналардың орташа сомасына БЖТ енгізілгендігі әсер етті ме деген сұрақ қойды. Баяндамашы 1-жартыжылдықтағы есептілікте келтірілген БЖЗҚ-дағы жарнаның орташа сомасы БЖТ есебінсіз көрсетілгенін және БЖТ төлеушілердің үлесі шағын болып табылатындығына байланысты БЖТ-ның енгізілуі БЖЗҚ-дағы жарнаның орташа сомасына айтарлықтай әсер етпейтіндігін түсіндіріп берді.

Бұдан әрі Кеңес мүшесі Петр Своик зейнетақы мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелер төлемдерінің сомасы, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына қатысты сауал қойды. Баяндамашы 2018 жылғы 1 шілдеде міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді төлеу бойынша мемлекеттік бюджет шығыстарының сомасы 2,4 млрд теңгені құрағанын айтты. Кеңес мүшесі Татьяна Батищева 2018 жылға 70 млрд теңге мөлшерінде кіріс алған кезде 2019 жылға арналған кіріс жоспары 2018 жылғы фактіден неге аз екенін сұрады. Баяндамашы 2019 жылы күтілетін табыстың төмендігі комиссиялық сыйақы ставкасының төмендеуіне байланысты деп жауап берді.

Ұсыныс түсті:

- Қоғамдық кеңестің келесі отырысында «БЖЗҚ» АҚ-ның кірістері мен шығыстары» атты мыналар ескерілген слайд көрсетілсін: 1) соңғы бірнеше жылдағы кірістер мен шығыстардың серпіні; 2) комиссиялық кірістер мен комиссиялық шығыстардың арақатынасы; 3) инвестициялық кірістің серпінді құрылымы.

- «БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылғы 1 жартыжылдықтағы қызметі туралы есепке Петр Своиктің ұсынған ескертулері мен ұсыныстары бойынша түсініктеме берілсін және қарастырылсын (осы хаттамаға №1 қосымша).

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылдың 28 тамызындағы №12 хаттамасы*

«Қолдайтындар» - 10,  
«Қарсы» - 0,  
«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

**Күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша** СДД директорының орынбасары К. Фазылова сөз сөйледі. Оның айтуынша, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР-да шартты жинақтаушы құрамдауышты (ШЖҚ) енгізу жоспарланған және Кеңес мүшелерінің назарын мемлекет, қызметкер және жұмыс беруші арасында жауапкершілікті бөлу арқылы әлеуметтік әділеттілік қағидаттарын ескере отырып, азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға бағытталғанына аударды. Баяндамашы шартты-жинақтаушы құрамдауыш жұмысының механизмі мен ерекшеліктері туралы ақпарат ұсынды. ҚҰ-да жасалатын төлемдердің орташа мәндерін, басқа елдердегі зейнетақы жарналарының өлшемдерін мысалға келтірді және 2020 жылдан бастап 5% ЖБМЗЖ енгізілуі алмастыру коэффициентінің (АК) көрсеткіштерін орта және ұзақ мерзімді болашақта Халықаралық еңбек ұйымы (40%) стандарттарына жақындата түсетінін, сондай-ақ ШЖҚ енгізуден болатын зейнетақы төлемдеріне қатысты ең жоғары тиімділік халықтың табыс деңгейі төмен (қосымша 9-10% АК) топтарына көрсетілетінін атап өтті.

Ұсыныс жасалды:

- Қоғамдық кеңес Еңбек және халықты әлеуметті қорғау министрлігіне ШЖҚ-ға, жұмыс берушіге түсетін жүктеменің арту мүмкіндігіне орай ЖБМЗЖ енгізу мерзімін шегеру мүмкіндігі туралы сауалдар мен ұсыныстар дайындасын.

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдайтындар» - 10,  
«Қарсы» - 0,  
«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

**Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша** Н. Сәрсенова сөз алды. Ол қазіргі уақытта Қор 21 проблемалық эмитентке қатысты жұмыс жүргізіп жатқанын, оларды қарызды қайтару бойынша Қор қабылдайтын шараларға байланысты шартты түрде 3 топқа бөлуге болатынын атап өтті.

1. Оларға қатысты оңалту рәсімі қолданылған Эмитенттер, олардың саны 3-еу, аталған эмитенттердің номиналды құны бойынша берешек сомасы – 16,2 млрд. теңге.

2. Шағым-талап жұмысы/атқарушылық іс жүргізу жүзеге асырылып жатқан Эмитенттер, барлығы 14 эмитент. Бұл топ бойынша номиналды құны бойынша берешек сомасы – 14,61 млрд.теңге.

3. Банкроттық және мәжбүрлеп тарату рәсімі жүзеге асырылатын Эмитенттер, барлығы 4 Эмитент. Номиналды құны бойынша эмитенттердің осы тобының берешек сомасы – 17,56 млрд. теңге. 28.08.2019 жылға жоғарыда көрсетілген проблемалық эмитенттер бойынша бағалы қағаздардың номиналды құны бойынша жалпы жиынтық берешек 48,4 млрд.теңгені құрайтыны айтылды.

Баяндамашы қылмыстық қудалау нәтижелері және эмитенттердің қарыздарын соттан тыс реттеу бойынша 2019 жылы елеулі өзгерістер болған проблемалық эмитенттерге қатысты ақпарат берді. Қорытындылай келе, баяндамашы Қордың зейнетақы активтерін қайтару бойынша жұмысы жалғасуда деп атап өтті.

Ұсыныс жасалды:

- «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық эмитенттердің активтерімен жұмысы жөніндегі есебі назарға алынсын.

Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдайтындар» - 10,  
«Қарсы» - 0,  
«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

*«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес отырысының 2019 жылдың 28 тамызындағы №12 хаттамасы*

## **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

### **Отырыстың күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша**

1.1 Қоғамдық кеңестің келесі отырысында «БЖЗҚ» АҚ-ның кірістері мен шығыстары» атты мыналар ескерілген слайд көрсетілсін: 1) соңғы бірнеше жылдағы кірістер мен шығыстардың серпіні; 2) комиссиялық кірістер мен комиссиялық шығыстардың арақатынасы; 3) инвестициялық кірістің серпінді құрылымы.

1.2 «БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылғы 1 жартыжылдықтағы қызметі туралы есепке Петр Своиктің ұсынған ескертулері мен ұсыныстары бойынша түсініктеме берілсін және қарастырылсын (осы хаттамаға №1 қосымша).

### **Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша**

- Қоғамдық кеңес Еңбек және халықты әлеуметті қорғау министрлігіне ШЖҚ-ға, жұмыс берушіге түсетін жүктеменің арту мүмкіндігіне орай ЖБМЗЖ енгізу мерзімін шегеру мүмкіндігі туралы сауалдар мен ұсыныстар дайындасын.

### **Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша**

- «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалық эмитенттердің активтерімен жұмысы жөніндегі есебі назарға алынсын.

**Отырыс төрағасы: Е. Сейпунлик**

**Отырыс хатшысы: Л. Полиенко-Шелепова**